

Ақмола облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың қағидаларын бекіту туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2019 жылғы 6 қыркүйектегі № А-9/427 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 қыркүйекте № 7376 болып тіркелді

"АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса берілген Ақмола облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасарлары М.Н. Иғалиев пен F.K. Әбдіхалықовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Е.Маржикпаев

Ақмола облысы әкімдігінің
2019 жылғы 6 қыркүйектегі
№ А-9/427 қаулысымен
бекітілген

Ақмола облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 30.07.2020 № А-8/380 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Ақмола облысында Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 280 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19123 болып тіркелген) сәйкес өзірленген және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың тәртібін айқындайды.

2. Осы қағидаларда мынадай ұйымдар пайдаланылады:

1) азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қоры – облыстың аумағында аграрлық азық-түлік нарығына реттеушілік әсер ету және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құрылған азық-түлік тауарларының жедел қоры;

2) азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту – азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды өткізу немесе жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылдың жаңа егінінен дәл сондай көлемдегі азық-түлік тауарларын кейін жеткізе отырып, азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды қайтару;

3) азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын пайдалану – тауар интервенцияларын жүргізу және азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту мақсатында азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорынан азық-түлік тауарларын өткізу;

4) азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру – сатып алу интервенциялары, азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына азық-түлік тауарларын орналастыру және сақтау;

5) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары – тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілетін, олардың есебінен адамның физиологиялық қажеттіліктері қанағаттандырылатын азық-түлік тауарлары;

6) мамандырылған ұйымдар – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын, тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандағы № 1279 қаулысымен бекітілген, ұйымдар;

7) сатып алу интервенциялары – облыстың аумағында, бағалар төмендеген кезде және/немесе Қазақстан Республикасы аумағында төтенше жағдай енгізілгенде, мамандырылған ұйымдардың азық-түлік тауарларын сатып алу жөніндегі іс-шаралар;

8) тауар интервенциялары – бағалар өскен кезде ішкі нарықты тұрақтандыру мақсатында жүзеге асырылатын, азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларынан ішкі нарықта азық-түлік тауарларын өткізу жөніндегі іс-шаралар;

9) шекті сауда үстемесі – ішкі сауда субъектілерінің түпкілікті тұтынуышыларға азық-түлік тауарларын өткізуі кезінде бағаны айқындау үшін қалыптастырылатын сауда үстемесі.

3. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктері осы қағидаларда сәйкес іске асырылады.

4. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерінің тиімді және уақтылы қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында Ақмола облысының әкімі Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) құрады және оның құрамын бекітеді.

5. Облыс әкімінің орынбасары Комиссияның төрағасы болып табылады, кәсіпкерлік, сауда және ауыл шаруашылығы басқармаларының (бөлімдерінің) қызметкерлері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері Комиссия мүшелері болып табылады. Комиссия өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.

6. Комиссияның сандық құрамы тақ болуы және кемінде тоғыз адамнан тұруы тиіс. Бұл ретте, комиссия мүшелерінің үштен екісі жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері болуы тиіс. Комиссия хатшысы оның мүшесі болып табылмайды.

7. Комиссия отырысы, егер оған оның мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, занды деп есептеледі. Комиссия шешімдері Комиссия отырысына қатысушы мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тен болған жағдайда төрағалық етуші дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

8. Комиссияның құзыретіне мыналар жатады:

1) Ақмола облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шешім қабылдау;

2) азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын құру және пайдалану тетігін іске асыру мақсатында азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін анықтау;

3) осы қағидаларда сәйкес қарыз беруге кәсіпкерлік субъектісін анықтау;

4) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесін анықтау бойынша мамандандырылған ұйымдардың ұсыныстарын қарau.

9. Комиссияның жұмысын құруды және ұйымдастыруды "Ақмола облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – жұмыс органды) қамтамасыз етеді.

10. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін жұмыс органдымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шарт жасасу жолымен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады.

11. Элеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі үш жылдық кезеңге жұмыс органы мамандандырылған үйыммен тұрақтандыру қорының заттай және ақшалай мәндегі өтпелі активтері туралы міндеттемелері көрсетілген қосымша келісім жасасады.

Тұрақтандыру қоры таратылған жағдайда, мамандандырылған үйым азық-түлік тауарларын сатып алу үшін пайдаланылған бюджет қаражатының жергілікті бюджетке қайтарылуын қамтамасыз етеді.

Егер, мамандандырылған үйымның шешімі бойынша азық-түлік тауарларын өткізу сатып алу бағасынан төмен баға бойынша жүзеге асырылса, онда соманың қайтарылуы сатып алу және өткізу бағаларының айырмасын шегере отырып жүзеге асырылады.

12. Элеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған үйымның үстеме шығыстары азық-түлік тауарларының белгіленген және нарықтық бағаларының айырмасы есебінен жабылады.

13. Жұмыс органы ай сайын айдың 20-на дейін Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы, сауда және интеграция министрліктеріне әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерінің іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынады.

2-тaraу. Элеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру бойынша тетіктерді іске асыру тәртібі

14. Элеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының нарығын тұрақтандыру мақсатында Ақмола облысының әкімдігі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандырудың:

- 1) тұрақтандыру қорларының қызметі;
- 2) кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тетіктерін іске асырады.

1-параграф. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорлары қызметінің тәртібі

15. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорларының қызметі өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

16. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі тетікті іске асыру мақсатында Комиссия сұраныс пен ұсыныстың өнірлік балансының (өндіріс көлемі, азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың болуы), егіс алаңдары (жоспарлы), егіннің болжамды шығымы, өткен күнтізбелік жыл ішінде қалыптасқан бағалар туралы мәліметтердің, сондай-ақ өзге де мәліметтер негізінде азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін, сондай-ақ шекті сауда үстемесін айқындайды.

Комиссия отырысына құжаттарды дайындау үшін жұмыс органды мұнадай деректерді ұсынады:

ауыл шаруашылығы басқармасымен - егіс аландары, егіннің болжамды шығымы, азық-тұлік тауарларын өндіру және тұтыну балансы туралы мәліметтер;

мамандандырылған ұйыммен - сатып алғынатын азық-тұлік тауарларының тізбесі және осы тауарлармен халықты қамтамасыз ету бойынша есептері бар шекті сауда үстемесі туралы ұсыныстар.

17. Азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алуға қажетті әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларының тізбесі "Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 145 қаулысымен бекітілген тізімнен қалыптастырылады.

18. Мамандандырылған ұйым өткізетін әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына шекті сауда үстемесі "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңы 19-бабының 1-тармағына сәйкес, Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес тиісті облыстың мемлекеттік статистика органдары қалыптастыратын әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының ресми нарықтық мәндерінен 10 немесе одан да көп пайызға төмен бағаларды ұстап тұру ескеріле отырып қалыптастырылады.

19. Комиссия Ақмола облысының әкіміне сатып алғынатын азық-тұлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін бекіту туралы ұсынымдар енгізеді.

20. Ақмола облысының әкімдігі Комиссияның ұсынымдары негізінде сатып алғынатын азық-тұлік тауарларының тізбесін және шекті сауда үстемесін бекітеді.

21. Өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру кезінде азық-тұлік тауарлары тікелей өндірушілерден және (немесе) ауыл шаруашылығы өндірушілерінен және (немесе) көтерме кәсіпорындардан (дистрибуторлардан) сатып алғынады.

22. Өнірлік тұрақтандыру қорларына сатып алғынатын азық-тұлік тауарлары "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тамақ өнімдерін сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде оның қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

23. Мамандандырылған ұйым статистикалық деректер және басқа да көздер негізінде өнірдің азық-тұлік тауарларының ішкі нарығына және агроенеркәсіптік кешен өнімдерінің нарықтарына тұрақты негізде талдау (өндіріс көлемі және азық-тұлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың, бағалардың болуы) жүргізеді, өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алғынатын азық-тұлік тауарларының көлемін айқындайды және сатып алу интервенциялары туралы шешімді қабылдайды.

24. Өнірлік тұрақтандыру қорын пайдалануды тауар интервенцияларын жүргізу және азық-түлік тауарларын жаңарту жолымен мамандандырылған үйым жүзеге асырады.

25. Мамандандырылған үйым аграрлық азық-түлік нарығына реттеушілік ықпал ету қажет баға деңгейінің көтерілуі жағдайында, 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей, тауар интервенцияларын жүргізу туралы шешім қабылдайды.

26. Мамандандырылған үйым өнірлік тұрақтандыру қорын уақтылы жаңарту мақсатында тұрақты негізде өнірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларының сақталу мерзімдерін қамтамасыз етеді.

27. Өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін өнірлік тұрақтандыру қорынан азық-түлік тауарларының өткізу немесе кейін дәл сондай көлемдегі жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылғы жаңа шығымнан азық-түлік тауарларын жеткізе отырып, азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін азық түлік тауарларын қайтару жолымен жүзеге асырылады.

28. Өнірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын тауар интервенциялары, азық-түлік тауарларын жаңарту үшін мамандандырылған үйымдар өздердерінің өткізу нүктelerі арқылы, сондай-ақ Комиссия бекіткен шекті сауда үстемесінің шегінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіру үшін қайта өндеу кәсіпорындарына жүзеге асырады. Тауарларды сату, сондай-ақ азық-түлік тауарларын сататын сауда объектілері арқылы жүргізілуі мүмкін.

29. Бұл ретте өндеу кәсіпорны өндірген дайын азық-түлік тауарының бағасы Ақмола облысының әкімдігі бекіткен шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағасынан немесе оның шекті бағасынан аспайды және мамандандырылған үйымның өндеу кәсіпорнымен жасасқан өткізу туралы шартында айтылады.

30. Ақмола облысының әкімдігі мамандандырылған үйиммен бірлесіп тауар интервенцияларын жүзеге асыратын сауда объектілерінің орналасқан жері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті атқарушы органның және мамандандырылған үйымның ресми сайттары арқылы халыққа жеткізу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізеді.

2-параграф. Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тәртібі

31. Ақмола облысының әкімдігі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру мақсатында Комиссия айқындастын азық-түлік тауарларының тізбесіне сәйкес мамандандырылған үйымға кейін кәсіпкерлік субъектілеріне беру үшін қарыз береді. Қарыз беру қарыз шартын жасасу жолымен қайтарымдылық, қамтамасыз етілу және ақылылық талаптарымен жүзеге асырылады.

32. Бағаларды тұрақтандыру мамандандырылған үйымның әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген төмендетілген бөлшек/көтерме сауда бағаларын белгілеуі жолымен қамтамасыз етіледі.

33. Қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектілерін Комиссия осы қағидаларда белгіленген кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарға (өлшемшарттарға) сәйкес айқындайды.

34. Қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарға (өлшемшарттарға) жатады:

- 1) тиісті салық органының анықтамасымен расталған, өтінім беру күніне салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің болмауы;
- 2) екінші деңгейдегі банктер берген кредиттер бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы, ауыртпалықтардың (тыйым салудың) болмауы;
- 3) көрсетілген талаптардың біреуіне сәйкестігі:

Ақмола облысының аумағында азық-түлік тауарларын тиісті сақтауға және азық-түлік тауарларымен сатып алу және өзге де операцияларды орындауға арналған сауда-логистикалық инфрақұрылымның және/немесе қойма құрылыштарының немесе арнайы жабдығы бар басқа да үй-жайлардың болуы;

Комиссия айқындайтын тізбеке сәйкес Ақмола облысының аумағындағы көтерме немесе бөлшек сауда кәсіпорнында (бөлшек сауда объектілері желісінде) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатуды жүзеге асыру;

Комиссия айқындайтын тізбеке сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіруді жүзеге асыру.

Кәсіпкерлік субъектісі осы тармақта белгіленген талаптарға сәйкес растайтын құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы әкімдігінің 24.11.2022 № А-11/556 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

35. Кәсіпкерлік субъектісі құжаттарды мамандандырылған үйымның интернет-ресурсында хабарландыру жарияланған күнінен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мамандандырылған үйымға ұсынады.

36. Комиссия кәсіпкерлік субъектілерінің құжаттарын қарайды және құжаттарды қабылдау аяқталған күнінен бастап 5 жұмыс күн ішінде қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектісін анықтау туралы шешім қабылдайды. Қарау қорытындысы бойынша мамандандырылған үйым Комиссия отырысының хаттамасын 1 жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

37. Кәсіпкерлік субъектісі мамандандырылған үйымның қарызды қайтару бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді. Міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мынадай түрде беріледі: кепіл және/немесе банктік кепілдендіру және/немесе сақтандыру шарты және/немесе үшінші тұлғалардың кепілдік/кепілгерлігі және/немесе корпоративтік кепілдендіру. Міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жазбаша нысанда рәсімделеді.

38. Қарыз беру шарттары мамандандырылған ұйым мен кәсіпкерлік субъектісі арасында жасалған қарыз шартында белгіленеді.

39. Облыстық бюджеттен бөлетін, оның ішінде бұдан бұрын азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға бөлінген қаражат қаржыландыру көзі болып табылады.

40. Қарыз мерзімі өткен берешекті қайта қаржыландыруға берілмейді.

41. Қарыз тек ұлттық валютада беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК